

Э.Б. Сулейманова* , Р.С. Рахметова 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: elmirakaz99@mail.ru

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЗАМАНАУИ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ МАҢЫЗЫ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Тіл – ұлттың тарихы, мәдениеті мен дүниетанымын сақтаушы күрделі жүйе ретінде заманауи коммуникацияда ерекше орын алады. Сондықтан қазақ мақал-мәтелдерінің қазіргі заманғы қарым-қатынастағы қолданымдық ерекшеліктерін зерттеу олардың этнолингвистикалық және лингвомәдени рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Мақалада мақал-мәтелдердің ұлттық танымдағы философиялық мәні заманауи коммуникациядағы өзектілігімен сабақтастыра қарастырылды. Мақал-мәтелдер – ұлттық дүниетанымның бейнелі көрінісі ретінде қазақ халқының әлеуметтік, этикалық және моральдық құндылықтарын, рухани мұрасын, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас жүйесін жеткізудің маңызды құралы. Зерттеу барысында отан, отбасы, табиғат, еңбек, уақыт және моральдық құндылықтарға қатысты мақал-мәтелдер талданып, олардың қазіргі әлеуметтік және мәдени дискурстағы рөлі мен ықпалы анықталды.

Зерттеу мақсаты – қазақ мақал-мәтелдерінің қазіргі коммуникациядағы рөлін анықтау, олардың ұлттық танымды бейнелейтін философиялық мазмұны мен құндылықтарын талдау.

Зерттеу мақсатына жету үшін лингвомәдени, сипаттамалы-талдамалы әдістер қолданылды. Нәтижесінде қазақ мақал-мәтелдерінің қазіргі қоғамдағы құндылықтарды сақтау мен ұрпаққа жеткізудегі әлеуеті ашылды.

Түйін сөздер: когнитивті лингвистика, философия, мақал-мәтел, заманауи коммуникация, ұлттық таным, мәдени код, әлеуметтік құндылықтар.

E.B. Suleymanova*, R.S. Rakhmetova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: elmirakaz99@mail.ru

The Modern Role of Kazakh Proverbs and Sayings in Communication: National Values and Philosophical Meaning

Language, as a complex system that preserves the history, culture, and worldview of a nation, holds a special place in modern communication. Therefore, studying the functional features of Kazakh proverbs and sayings in the context of contemporary interaction allows us to reveal their ethnolinguistic and linguocultural roles.

This article examines the philosophical significance of Kazakh proverbs and sayings in national consciousness, linking it to their relevance in modern communication. Proverbs and sayings, as figurative reflections of national worldview, serve as an important tool for conveying social, ethical, and moral values, spiritual heritage, and the system of relationships between individuals and society. The study analyzes proverbs and sayings related to concepts such as homeland, family, nature, labor, time, and moral values, identifying their role and influence in contemporary social and cultural discourse.

The purpose of the study is to determine the role of Kazakh proverbs and sayings in modern communication and analyze their philosophical content and values that reflect national consciousness.

To achieve the research objectives, linguocultural and descriptive-analytical methods were applied. As a result, the potential of Kazakh proverbs and sayings in preserving societal values and transmitting them to future generations was revealed.

Key words: cognitive linguistics, philosophy, proverbs and sayings, modern communication, national consciousness, cultural code, social values.

Э.Б. Сулейманова*, Р.С. Рахметова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

*e-mail: elmirakaz99@mail.ru

Современное значение казахских пословиц и поговорок в коммуникации: национальные ценности и философский смысл

Язык, как сложная система, сохраняющая историю, культуру и мировоззрение народа, занимает особое место в современной коммуникации. Поэтому изучение функциональных особенностей казахских пословиц и поговорок в контексте современного общения позволяет выявить их этнолингвистическую и лингвокультурную роль.

В статье философское значение казахских пословиц и поговорок в национальном сознании рассмотрено в тесной связи с их актуальностью в современной коммуникации. Пословицы и поговорки, как отражение национального мировоззрения, служат важным инструментом передачи социальных, этических и моральных ценностей, духовного наследия, системы взаимоотношений человека и общества. В ходе исследования были проанализированы пословицы и поговорки, связанные с такими понятиями, как Родина, семья, природа, труд, время и моральные ценности, и выявлены их роль и влияние в современном социальном и культурном дискурсе.

Цель исследования – определить роль казахских пословиц и поговорок в современной коммуникации, а также проанализировать их философское содержание и ценности, отражающие национальное сознание.

Для достижения цели исследования использовались лингвокультурный, описательно-аналитический методы. В результате раскрыт потенциал казахских пословиц и поговорок в сохранении ценностей современного общества и передаче их следующим поколениям.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, философия, пословицы и поговорки, современная коммуникация, национальное сознание, культурный код, социальные ценности.

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағыты тілді тек таңбалық жүйе ретінде қарастырудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Тіл әрбір ұлттың ұлы мұрасы ретінде ұлттық тарих, мәдениет, таным, сана және дәстүрлерді бойына сіңірген күрделі құрылым болып табылады. Сондықтан тілдік жүйені зерттеу тек лингвистиканың шеңберінде ғана емес, этнолингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика сияқты ғылымдардың тоғысында қарастырылуы қажет. Осы ғылым салаларындағы тіл мен мәдениетке қатысты көптеген зерттеулер ұлттық болмысты, ұлттық танымды және рухани құндылықтарды тануға бағытталған.

Мақал-мәтелдердің лексика-стистикалық ерекшеліктері (Сәрсенбаев, 1990: 224), когнитивті (Динаева, 2013: 145), танымдық-прагматикалық аспектілері (Бегалықызы, 2002: 118), синтаксистік құрылымы (Кенжемұратова, 2002: 28), сондай-ақ узуалды (тұрақты) және окказионалды (өзгермелі) қолданысы (Турабаева, 1989: 229), және мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері (Қарсыбекова, 2004: 137) бұған дейін зерттеу нысанына айналған.

Дегенмен мұндай тіл бірліктерін зерттеу қашан да өзекті. Өйткені, мақал-мәтелдер тек ауыз

әдебиетінің көрінісі емес, сонымен қатар, ұлттық дүниетанымның терең қабаттарын айшықтайтын, халықтың сан ғасырлық өмірлік тәжірибесін бейнелейтін рухани мұра. Мақал-мәтелдерді жүйелі түрде зерделеп, олардың философиялық және этномәдени мазмұнын анықтау бұл тақырыптың әлі де зерттелуі қажеттілігін және өзектілігін дәлелдейді. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі ұлттық танымның философиялық мәнін айқындау және оны ғылыми тұрғыдан терең зерттеу белгілі бір жүйелілік пен реттілікті талап етеді. Ғылыми зерттеу әдістерінің негізгі қағидалары да осындай жүйелілікті ұстануды қажет етеді.

Мақал-мәтелдердегі дүниетанымдық құрылым мен мазмұнды толық түсіну үшін оларды жан-жақты және кезеңдік талдау арқылы қарастыру қажет. Бұл тәсіл ұлттық философияның терең қабаттарын ашып, мақал-мәтелдердегі қоғам, табиғат және адамның рухани әлеміндегі рөлі мен мәнін нақты анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ мақал-мәтелдері – ұлттық танымның маңызды көрінісі және оның философиялық мәнін терең түсінудің кілті. Олар қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінің қалыптасуына үлкен ықпал ететін мәдени ескерткіш ретінде қызмет етеді және ұлт өмірінің айнасы болып табылады. Мақал-мәтелдер мәдениеттің жалпы сипатын айқындап қана қоймай, сол мә-

дениеттің негізгі ақпаратын жинайды, сақтайды және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Осы тұрғыда, тіл және мақал-мәтелдер әрбір этностың мәдени ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге мәдени құндылықтардың сабақтастығын қамтамасыз етеді. Бұл орайда, мақал-мәтелдер қазіргі және келешек ұрпақтарды ортақ тарихи арнаға, ұлттық бірегейлікке байланыстырады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың материалдық базасын қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, әсіресе мақал-мәтелдері құрайды. Зерттеуде этнографиялық, тарихи және әдеби жинақтардан алынған мақал-мәтелдер пайдаланылды. Негізгі дереккөздер ретінде белгілі қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, мақал-мәтелдер жинақтары, сондай-ақ заманауи зерттеу еңбектері алынды. Мақал-мәтелдердің ұлттық танымды, философиялық ойды және этномәдени ерекшеліктерді бейнелейтін үлгілері мұқият таңдап алынып, олардың құрылымдық, мағыналық және дүниетанымдық аспектілері сарапталды. Сонымен қатар, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика және философия салаларындағы мақал-мәтелдер мен ұлттық таным тақырыбындағы зерттеулер қарастырылды.

Мақаланың мақсаты мен міндеттерін орындау үшін сипаттамалы-талдамалы әдіс, лингвомәдени талдау әдістері қолданылды.

Сипаттамалы-талдамалы әдіс мақал-мәтелдердің тілдік ерекшеліктерін, құрылымын және олардың философиялық мазмұнын талдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мақал-мәтелдердегі ұлттық танымды бейнелейтін концепттер мен символдарды сипаттап, олардың мағыналық қырларын анықтайды. Ал, лингвомәдени талдаулар арқылы мақал-мәтелдердің этномәдени және дүниетанымдық мазмұны, ұлттық құндылықтар мен таным жүйесінің көрінісі анықталды. Мақал-мәтелдердегі менталды құрылымдарды талдау арқылы олардың ұлттық философияны қалай көрсететінін зерттеу мүмкіндігі жоғары.

Әдебиеттерге шолу

Қазақ мақал-мәтелдерін зерттеу Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде басталғанымен, оның жүйелі түрде зерттелуі Кеңес дәуірімен байланыстырылады. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ мақал-мәтелдерін жинақтау және жариялау жұмыстары қолға алына бастады. Алғашқы жинақтаушылардың бірі – Ш.

Уәлихановтың мұрағаттарында XIX ғасырдың ортасында ел аузынан жазып алынған 200-ден астам қазақ мақал-мәтелдері сақталған (Уәлиханов, 1961: 80).

Академик В.В. Радлов та түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерін, сондай-ақ тілдік мұрасын зерттеуде үлкен еңбек сіңіріп, қазақ халқының мәдени мұрасына ерекше мән берген. Ол қазақ халқының ғасырлар бойы түркі әлемінің мәдениетін, салт-дәстүрлерін және тіл тазалығын сақтап келе жатқан бірегей халық екенін атап өткен. Радлов көшпенділердің өмір салтымен тығыз байланысты қазақ тілінің мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестерін, жырдастандарын ғылыми тұрғыда зерттеп, терең талдау жүргізген (Радлов, 1986: 220).

Мақал-мәтелдерді ғылыми тұрғыдан зерттеу көптеген отандық ғалымдардың еңбектерінде орын алған. Мысалы, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Н. Төреқұлов, С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов, М. Ғабдуллин, Б. Адамбаев, М. Әлімбаев, Т. Кәкішев, З. Қабдолов, М. Базарбаев, С. Қасқабасов және С. Нұрышев сынды әдебиеттанушылар мақал-мәтелдердің әдеби табиғатын талдаған болса, Р. Сәрсенбаев, Ә. Қайдар, Б. Шалабаев, Ә. Айтбаев, С. Сәтенова, Ғ. Тұрабаева, А. Нұрмаханов еңбектерінде тілдік ерекшеліктері зерттелді.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы да қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми зерттеуіне зор үлес қосты. Ол өз еңбектерінде мақал-мәтелдерге анықтама беріп, оларды тілдік материал ретінде кеңінен пайдаланған. Байтұрсынұлының еңбектері қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми-теориялық негізін қалыптастырған маңызды зерттеулердің бастауы болып саналады. Ғалымның тұжырымына сүйенер болсақ, мақалдар халықтың салт-санасынан туындаған және тәжірибеден шыққан шындық (Байтұрсынұлы, 2013: 289)

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі күрделі қайшылықтарды нақты әрі өткір сын, мысал, және ирония түрінде бейнелейді. Оларда халықтың болашаққа деген зор сенімі, үміті және биік армандары көркем түрде сипатталады (Адамбаев, 1976: 20).

Қазақ тіл білімінде мақал мен мәтелдің өзіндік ерекшеліктері олардың құрылымдық және мағыналық сипаттарына байланысты ажыратылатыны анық. Мәтелдер әдетте түспалды ойды білдірсе, мақалдар толық ойды жеткізетін, бірнеше тұжырымнан тұратын сөйлемдерден құралады. Бұл ерекшелік, сөзсіз, мақал-мәтелдердің

қазақ тіліндегі қолданыс аясын кеңейтеді және сол арқылы халықтың сөздік қоры мен дүниетанымының байлығын айқындайды (Сәрсенбаев, 1990: 101)

М. Ғабдуллиннің пікірінше, әдеби тұрғыдан алғанда, мақал – бейнелі түрде жеткізілген логикалық ой қорытындысы, терең мазмұнды толғау болып табылады (Ғабдуллин, 1974 :78).

Мақал-мәтелдер – халықтың таным көкжиегінің көрінісі, сондықтан олар ұлттық дүниетаныммен тікелей байланысты. Мақал-мәтелдер арқылы халықтың өмір сүру салты, әлеуметтік қатынастарға деген көзқарасы, әлемді тануы мен түсінуі айқындалады (Динаева, 2013: 51).

Мақал-мәтелдердің мазмұны әлеуметтік құндылықтармен байытылған, әрі олар арқылы халықтың мәдени коды жеткізіледі (Bigay, 2017: 45).


Осы тұжырымдардан мақал-мәтелдердің халықтың әлеуметтік өмірін, мәдени құндылықтарын және дүниетанымын бейнелі әрі ықшам түрде жеткізетін маңызды тілдік құрал екендігін көруге болады.

Академик Ә. Қайдар да қазақ мақал-мәтелдері халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын тануда дүниетанымдық, логикалық және

этнолингвистикалық тұрғыдан үлкен маңызға ие екендігін айтады (Қайдар, 2004: 22). Оның пайымдауынша, әлемдегі, қоғамдағы және табиғаттағы барлық құбылыстарға мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүниенің болмысы белгілі бір табиғи реттілікке негізделген, бұл реттілік мақал-мәтелдерде философиялық тұрғыдан «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» сияқты үш негізгі салаға жіктеліп көрінеді. Осы жүйелі көзқарас арқылы қазақ мақал-мәтелдері ұлттың дүниетанымдық философиясының негізін құрайды және ұлттық болмысты түсінуде терең рөл атқарады.

Нәтижелер мен талқылау

Мақал-мәтелдердің философиялық мәні адам мен қоршаған орта арасындағы байланыстарды, әлеуметтік және табиғи заңдылықтарды түсіндіреді. Халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі, оның өмір сүру қағидаттары мен құндылықтары осы мақал-мәтелдерде жинақталған. Демек, тіл және мақал-мәтелдер қазақ халқының дүниетанымының айқын көрсеткіші және мәдени, тарихи сабақтастықтың берік негізі ретінде қызмет етеді.



1-сызба – Мақал-мәтелдердің ұлттық танымдық негізі

Яғни, мақал-мәтелдер бірнеше ғасырдан сұрыпталып келген халықтың дүниетанымдық, тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің шоғырланған жемісі:

- мақал-мәтелдер халықтың ғасырлар бойғы өмірлік тәжірибесі мен құндылықтарының сүзгісі ретінде қалыптасты. Олардың бірнеше ұрпақ арқылы сұрыпталып, тексерілгені және өмір сүруге, әлеуметтік қарым-қатынасқа қатысты ең

маңызды тұжырымдарды сақтап қалғаны ерекше атап өтіледі. Мұнда тарихи оқиғалар, соғыс, бейбітшілік кезеңдері, табиғат құбылыстары және басқа да факторлардың мақал-мәтелдерге әсері қарастырылады.

- әлеуметтік өмірдің барлық салаларына, адамның жеке тұлғалық және қоғамдық мінез-құлық үлгілеріне қатысты. Олар халықтың әлеуметтік тәжірибесін, мінез-құлқын реттейтін мо-

ральдық-этикалық нормаларды қалыптастыруға ықпал етті. Мысалы, еңбек, адалдық, әділдік, кішіпейілділік сияқты ұғымдар мақал-мәтелдер арқылы бекітіліп, қоғамда өзіндік әлеуметтік тәртіпті қалыптастырды.

- халықтың ұлттық болмысын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін және мәдениетін бейнелейді. Әр халықтың өмір салты, табиғатпен байланысы, тұрмыстық ерекшеліктері мақал-мәтелдерде көрініс тапқан. Бұл құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, мәдени сабақтастықты қамтамасыз етті. Мақал-мәтелдер арқылы халықтың эстетикалық таным, әдет-ғұрыптары және дүниетанымы сақталған.

- халықтың философиялық ой-өрісінің жинақталған көрінісі. Оларда жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, әділдік пен зұлымдық сияқты мәңгілік құндылықтар қарапайым, түсінікті тілмен жеткізіледі. Қазақ халқының дүниетанымы мен философиялық көзқарасы мақал-мәтелдер арқылы ұрпақтарға беріліп отырды. Бұл халық даналығының бір түрі ретінде түсіндіріледі.

- білім мен тәрбие берудің негізгі құралдарының бірі болды. Оларда жинақталған даналық, тәжірибе мен өмірлік қағидалар жастарды тәрбиелеуде, оларға дұрыс бағыт беруде маңызды рөл атқарды. Халық мақалдары адам мінезінің жақсы және жаман қырларын көрсетіп, мінезқұлықтың дұрыстығын бағалауға көмектеседі.

- адамзатқа тән құндылықтар көрініс тапқанымен, олардың бірқатар әмбебап сипаттары да бар. Әлемнің түрлі халықтарында ұқсас тақырыптар мен идеялар мақал-мәтелдерде ортақ болып келеді. Бірақ әр халықтың мәдениетіне, өмір сүру салтына байланысты өзгеше мазмұндармен толықтырылуы, олардың ұлттық ерекшелігін айқындайды.

Мақал-мәтелдердегі ұлттық танымның философиялық мәнін қарастыра отырып, таным үдерісін философиялық тұрғыда түсіндіруге болады. Философия зерттеушілерінің айтуынша, таным – адамның барлық маңызды күштерін, яғни ақыл-ойын, сезімдерін, ерік-жігерін және түйсіктерін жұмылдыратын өте күрделі үдеріс болып табылады (Ермеков, 2000: 102). Танымды екі негізгі деңгейге бөліп қарастырады: бірінші – сезімдік таным, ол адамға айналадағы әлемді сезіну, қабылдау, көзге елестету арқылы түсінуге мүмкіндік береді. Екіншісі –

логикалық таным, бұл деңгейде адам қоршаған ортадағы құбылыстарды ойлау, пайымдау, талдау арқылы түсінеді (Артемов, 2013: 54) Логикалық таным басым болған жағдайда ғылыми таным қалыптасады, ал оның басты мақсаты – шындыққа жету, себебі шындық ғылыми білімді тәжірибеде қолдануға және оның пайдасын көруге мүмкіндік береді.

Мақал-мәтелдердегі ұлттық таным осы таным деңгейлерінің екеуін де қамтиды. Мақалдар мен мәтелдер халықтың өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын сезімдік тұрғыдан жеткізе отырып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рухани құндылықтарды сақтайды. Сонымен қатар, олардың терең философиялық мәні логикалық танымды талап етеді, себебі әрбір мақалдың астарында адамды ойлануға, тұжырым жасауға жетелейтін идея жатыр. Осылайша, мақал-мәтелдер халықтың шындықты түсінуінің көрінісі ретінде танымдық және философиялық маңызға ие.

Зерттеу барысында қазақ мақал-мәтелдеріндегі ұлттық дүниетаным мен құндылықтардың сақталуы және олардың қазіргі қоғамдағы рөлін түсінуге тырысамыз. Осы ретте, мақал-мәтелдердің қазіргі мәнін талдау үшін сауалнама жүргізілді:

Сауалнамаға қатысушылардың 65%-ы мақал-мәтелдерді белгілі жағдайларда, әсіресе кеңес беру және тәрбиелік мәнде қолданатынын айтқан, ал 33%-ы оларды күнделікті өмірде жиі қолданатынын мәлімдеген. Бұл көрсеткіштер мақал-мәтелдердің қазақ қоғамында маңызын жоғалтпағанын, әсіресе отбасы тәрбиесі мен күнделікті қарым-қатынастарда кеңінен қолданылып келе жатқанын көрсетеді.

Респонденттердің 60%-ы мақал-мәтелдер арқылы моральдық құндылықтар көрсетілетінін атап өткен. Олар адалдық, әділдік, ерлік сияқты қасиеттерді дәріптейді. 25%-ы мақал-мәтелдер халықтың даналығы мен өмірлік тәжірибесін бейнелейтінін айтқан. 68% респонденттер мақал-мәтелдер қазіргі күннің құндылықтарымен сәйкес келеді деп санайды, ал 30%-ы ішінара сәйкес келетінін, кейбір мақал-мәтелдердің мәні заманауи өмірге сай өзгергенін атап көрсеткен.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қазақ мақал-мәтелдері халықтың философиялық дүниетанымын, моральдық құндылықтарын және әлеуметтік нормаларын бейнелейтін маңызды құрал болып табылады.

1-кесте – Мақал-мәтелдердегі ұлттық танымның қазіргі таңдағы мәнін талдау негізіндегі сауалнама нәтижелері

Сауалнама	Респонденттердің жауаптары		
	Иә, күнделікті өмірде жиі қолданамын	Иә, тек белгілі жағдайларда (мәселен, кеңес беру, тәрбиелік мәнде)	Қолданбайын/сирек қолданамын
Қазақ мақал-мәтелдерін жиі қолданасыз ба? Қандай жағдайда қолданасыз?	33%	65%	2%
Мақал-мәтелдер арқылы қазақ халқының дүниетанымы қалай бейнеленеді деп ойлайсыз?	Моральдық құндылықтарды көрсетеді (адалдық, әділдік, ерлік)	Халықтың даналығы мен өмірлік тәжірибесі айқындалады	Қазақ қоғамындағы әлеуметтік нормаларды көрсетеді/табиғатпен байланысы көрінеді
	60%	25%	5%
Қазақ мақал-мәтелдері бүгінгі күннің құндылықтарымен сәйкес келе ме?	Иә, мақал-мәтелдерде баяндалған құндылықтар әлі де маңызды және заманауи өмірге сай келеді	Жоқ, қазіргі қоғамдағы құндылықтар басқаша қалыптасқан	Ішінара сәйкес келеді, бірақ кейбір мақал-мәтелдердің мәні заман талабына сай өзгерді/ Мақал-мәтелдер арқылы ұлттық құндылықтарды бүгінгі жастарға жеткізу керек
	68%	2%	30%

Сонымен қатар қазақ халқына тән мақал-мәтелдерді бірнеше тақырыптық және философиялық категорияларға топтастыруға болады. Мұндай тәсіл халықтың дүниетанымы, құндылықтары мен көзқарастарын айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақ халқының даналығында сақталған мақал-мәтелдер терең философиялық ой-пікірлерді, халықтың өмірлік тәжірибесін және моральдық-этикалық құндылықтарын көрсетеді. Бұл мақалдардың әрбірі адам мен қоғамның байланысын, табиғатпен үйлесімін, өмірдің мәнін және адамгершілік қасиеттерін дәріптейді.

Мәселен, «Адам қайғысы – заман қайғысы» мақалда адамның қайғысы мен заманның қайғысының тығыз байланысы көрсетілген. Қазақ халқының танымында жеке адам қоғамнан бөлек қарастырылмайды. Әрбір жеке адам қоғамның бір бөлшегі болып, сол қоғамдағы өзгерістер, қиындықтар оның өміріне тікелей әсер етеді. Бұл мақал қазақтың коллективтік санасының айғағы болып табылады. Адамның жеке қайғысы қоғамның ахуалынан туындайтынын және қоғамның да жеке адамдардың жағдайына тәуелді екенін көрсетеді. Сол секілді, қазақ философиясында адамның рухани кемелдігі оның жасынан тәуелсіз. Мәселен, «*Жасық адам жасына жетпей қартайар, Асыл адам жасына жетпей марқаяр*» **мақалында** адамның рухани деңгейі мен ішкі құндылықтарының оның өміріне, жасына әсер ететіні айтылады. Мұндағы асыл адам – жоғары адамгершілік қасиеттерге

ие, рухы мықты адам, ол өмірде табысқа жетіп, жан дүниесімен байиды деген идея бар. «*Адам ұйымшыл, Мал үйіршіл*» **деген мақалда** да қазақ халқының ойлау жүйесіндегі адамның – қоғамның ажырамас бөлігі, басқалармен бірлесіп, ұйымшылдықпен әрекет етуге қабілетті екендігін нақтылайды. Жануарлар, малдар үйірмен ғана өмір сүрсе, адам саналы түрде топтасып, қоғам құрады. Мұнда адамның әлеуметтік болмысы мен қоғамдық қатынастардың маңыздылығы көрсетіледі. «*Ат аяғынан семіреп, Адам құлағынан семіреп*» деген мақалда да адам мен жануарды салыстыра отырып, адамның рухани кемелденуіне баса назар аударады. Ат аяғынан семірсе, яғни физикалық белсенділіктен күшейсе, адам құлағынан семіреді, яғни тыңдау арқылы, білім мен ақыл арқылы дамиды. Қазақ халқы үшін ауызша әдебиет, ақыл-кеңес тыңдау үлкен маңызға ие болды. Бұл мақал білімнің, тәрбие мен насихаттың адам өмірінде қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Ғалым Ж. Манкеваның пікірінше, тілдің қызметі тек ақпарат беру ғана емес, шынайы дүниені символдар арқылы бейнелеп көрсетуге мүмкіндік жасау болып табылады (Манкеева, 2001: 40). Осы пікірге сүйене отырып, қазақ мақал-мәтелдеріндегі ұлттық таным да бейнелілікке негізделгендігін тұжырымдауға болады. Өйткені, мақал-мәтелдер арқылы объективті шындықты қазақ халқы символдық мәні бар бейнелі сөздермен субъективті түрде жеткізеді. Бұл халықтың өмір сүру салты мен танымдық

жүйесін ұрпақтан-ұрпаққа берудің тиімді құралы ретінде қызмет етеді.

«Адам ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде» деу арқылы халықтың моральдық санасы мен ішкі ниеттің арақатынасы сипатталады. Қазақ халқының танымында ұят – адамның сыртқы бет-бейнесінде көрінсе, адамгершілік оның ішкі жан дүниесінде, ниетінде болады. Яғни, адамгершілік қасиет адам ойына, ниетіне тікелей байланысты. Мақалда моральдық құндылықтарды сыртқы және ішкі тұрғыдан тануға ұмтылыс байқалады. Адамның ой-арманын, тілектерін шексіздікке теңеуде де «Адам ойға тоймас, Бөрі қойға тоймас» деген **сынды мақалды қолданған**. Адамның ойы ешқашан толық қанағаттанбайды, үнемі жаңа нәрселерге ұмтылады. Бұл сөз тіршіліктің, өмірдің тоқтаусыз дамуын бейнелейді. Қойға тоймайтын бөрі секілді, адам да өз ойларымен, арман-талаптарымен ешқашан толық қанағаттана алмайды. Қазақ халқының дүниетанымында адамға өз амбициясын, ойларын басқара білуге шақыратын этикалық идея көрініс тапқан.

Қазақ халқының тәрбиесінде ерекше орынға ие қағидаларға негізделген мақал-мәтелдер бар. Соның бірі, «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол». Мұнда отбасының, қауымның тар мүддесінен шығып, адамзатқа ортақ құндылықтарды ұстану қажеттігі көрсетіледі. Қазақ философиясында гуманизм, адамгершілік басты құндылықтар болып табылады (Мырзалы, 2014: 65).

Сол секілді, «еңбек» және «жалқаулық» тақырыбындағы қазақ мақал-мәтелдеріндегі халқымыздың еңбекке деген көзқарасы терең философиялық танымға негізделген. Мақал-мәтелдерде еңбекқорлық адамды жоғары моральдық және әлеуметтік деңгейге көтеретін құндылық ретінде сипатталады. Қазақ халқының дүниетанымында еңбек адам өмірінің мәні мен мақсатын жүзеге асырудағы негізгі құрал ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның рухани кемелденуінің маңызды факторы ретінде көрінеді.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», *Ер дәулеті – еңбек*», «Еңбексіз өмір жоқ, Ауырсыз жеңіл жоқ», «Бейнетің қатты болса, Татқаның тәтті болар», «Бейнет, Бейнет түбі – зейнет», «Еңбек етсең – емерсің», «Қолы қимылдағанның ауызы қимылдар», «Еңбегіне қарай, өнбегі», «Еңбектің наны тәтті» сияқты тіркестер арқылы еңбекке деген оң көзқарас қалыптасқан. Еңбек адамды құрметке, табысқа жеткізетін басты жол, ал жалқаулық пен еріншектік қоғамнан аластататын кемшілік ретінде

айқындалады. Бұл мақалдың астарында халықтың еңбекке деген құрметі ғана емес, сонымен бірге адал еңбекпен келген табыстың маңыздылығы туралы философиялық түсінік жатыр. Еңбекқорлықты мақтайтын мақал-мәтелдерде физикалық және ақыл-ой еңбегінің үйлесімділігі, өнімділік пен жауапкершілік басты құндылықтар ретінде дәріптеледі. Мысалы, «Еңбек ер атандырады» деген мақал адамның еңбегі оны құрметке, жетістікке жеткізетінін білдіреді. Мұнда еңбек адамның қоғамдағы орнын анықтайтын шешуші фактор ретінде көрінеді. Бұл ұғымдар халқымыздың көшпелі өмір салтының өзіндік ерекшеліктерінен туындайды.

Ал, «Жалқаудың жаны тәтті, жұмысы қатты» немесе «Еріншектің ертеңі бітпес» сияқты мақалдар еріншектік пен жауапсыздықтың адамның өмірін қиындататынын, қоғамдағы орнын төмендететінін түсіндіреді. Мұндай мақал-мәтелдерде адамның өз өміріне жауапкершілікпен қарауы және еңбексүйгіш болуы оның болашақ жетістігінің кепілі ретінде айтылады. Жалқаулық қазақ халқының дүниетанымында жеке тұлғаның ғана емес, бүкіл қоғамның әлсіздігі ретінде сыналады. Адамның жалқаулығы оның қоғамдағы өнімділік деңгейіне тікелей әсер ететіндіктен, бұл қасиет халық арасында теріс бағаланады. Қазақ мақал-мәтелдері осындай терең философиялық ұстанымды қалыптастыра отырып, еңбектің адамды және қоғамды дамытудағы шешуші рөлін көрсетеді.

Мақала барысында жасалған сауалнама нәтижесіне сәйкес, респонденттердің 35%-ы еңбек адамның өміріндегі басты құндылық деп санайды, ал тағы 35%-ы адал еңбектің бақыт пен табысқа негіз болатынын атап өткен.

Осы сынды мақал-мәтелдердің танымдық мәнін талдау барысында С. Аманжоловтың тіл болмысына қатысты ойларын қолдануға болады. Ғалымның пайымдауынша, тіл – адам санасы мен танымын бейнелейтін негізгі құрал. Ол «сөз – идеяға айналған саналық зат» деп атап көрсетеді, яғни сөздің адам санасына әсер ететін ерекше күшке ие екендігін білдіреді (Аманжолов, 2004: 5). Осы тұрғыда мақал-мәтелдер де халықтың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесін жинақтай отырып, адамның танымдық қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Сондықтан, мақал-мәтелдер арқылы берілетін тілдік бірліктер – бұл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге сана мен ойды бейнелейтін асыл қазына болып табылады. Тіл мен мақал-мәтелдер адамның әлемді тану және

түсіну процесінде айрықша маңызға ие, өйткені олар ойдың заттық бейнесі ретінде көрініс табады. Мәселен, қазақ халқының жиі қолданылатын мақал-мәтелдерінде халықтың табиғатқа деген құрметі мен қамқорлығы айқын көрінеді. Айталық, «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Гүл өссе жердің көркі», «Бір тал кессең, он тал ек» секілді мақал-мәтелдер табиғатты қорғаудың маңыздылығын көрсетеді. Қазақ халқы табиғатты тек тіршілік көзі ретінде ғана емес, рухани байлықтың да қайнар көзі ретінде қарастырады.

Бұл мақал-мәтелдер қазақ халқының табиғатпен қарым-қатынасының екі негізгі қағидасын білдіреді: табиғаттан алуды білсең, қайтаруды да білу қажет, яғни табиғатқа қамқорлық жасау – оның ресурстарын тұтынушы ғана емес, қорғаушы ретінде де рөл ойнау деген идеяны білдіреді.

Сондай-ақ, табиғат пен адамның өзара байланысын танытатын тіркестер бар. «Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ» деген мақал адамның табиғаттан ажырағысыз екенін білдіреді. Табиғат адам өмірінің бірегей бөлігі болып табылады, сондықтан табиғатпен үйлесімді өмір сүру қазақ халқының басты қағидаларының бірі болған.

Табиғат құбылыстары арқылы адам өмірі мен мінез-құлқының ерекшеліктерін бейнелеу қазақ философиясының басты ерекшелігі болып табылады. Мысалы, «Нәсер алдында найзағай ойнайды» немесе «Күркіреген бұлттың жаңбыры аз» сияқты мақалдар табиғаттағы құбылыс-

тарды адамдар арасындағы оқиғалармен салыстыру арқылы әлеуметтік, моральдық мәндерді жеткізеді. «Жауынмен жер көгереді, Батамен ел көгереді» мақалы табиғаттағы жаңару мен адамзат арасындағы рухани байланыстарды қатар қояды. Табиғаттың гүлденуі, көктеуі адам өмірінің жаңаруы мен өркендеуінің символы ретінде қабылданады.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі табиғат туралы философиялық ойлар қазіргі экологиялық мәселелермен үндесіп жатады. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында табиғатты сақтау мен оған құрметпен қарау қағидалары ғасырлар бойы сақталып келген. Табиғатты қорғау – халықтың өмір сүруінің негізгі шарты, сондықтан «Бір тал кессең, он тал ек» деген мақал жауапкершілікті, табиғатқа жанашырлықпен қарауды меңзейді. Бұл ұрпақтан ұрпаққа берілген табиғатқа деген құрметті қазіргі заманда да сақтау керектігін көрсетеді.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі **отбасы тақырыбы** да қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениетінде ерекше орын алады. Бұл тақырып қазақтың рухани өмірінде, ұлттық тәрбиесінде және қоғамның тұрақтылығында маңызды.

Зерттеу барысында жүргізілген сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі қазақ мақал-мәтелдерінің *адалдық, әділдік, бірлік, достық* және *отбасы* құндылықтарын танытатын мақал-мәтелдерді жиі пайдаланытынын көрсетті. Төмендегі сызбада қазіргі құндылықтар аясында мақал-мәтелдердің қолданылу өрісі берілген:



2-сызба – Мақал-мәтелдердегі тақырыптардың қолданыстық өрісі

Сауалнама мақал-мәтелдердің негізгі тақырыптық топтарын анықтауға және олардың қолданымдық өрісін талдауға бағытталған. Сауалнама нәтижелері мақал-мәтелдердің ұлттық тәрбиедегі рөлін айқын көрсетеді. Отбасы құндылықтарын дәріптеу мақал-мәтелдердің мазмұнындағы басты идеялардың бірі болып табылады және олардың қазіргі қоғамдағы өзектілігін дәлелдейді.

Бұл тақырыптардың кеңінен таралуы қазақ қоғамындағы отбасының тұрақтылығы мен ұйымшылдығын насихаттаумен тығыз байланысты. Сонымен қатар, мұндай мақал-мәтелдер қазіргі заманғы әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеуде де маңызды рөл атқарады. Мәселен, «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» сияқты мақалдар отбасы және тәрбие мәселелеріндегі дәстүрлі ұғымдарды бейнелейді. Бұл қазақ мәдениетіндегі отбасылық құндылықтар мен үлкендерге құрмет көрсету дәстүрін көрсетеді. Берілген мақал-мәтелдер мағыналары жағынан отбасылық қарым-қатынастар, әлеуметтік байланыстар және тәрбие мәселелеріне байланысты бірнеше топқа бөлінеді. Бұл мақалдар қазақ халқының отбасыға деген көзқарасын, ұрпақ тәрбиесі мен қоғамдағы моральдық құндылықтарды айқындайды.

Отбасы тақырыбындағы мақал-мәтелдер ішкі семантикасы тұрғысынан өте кең. Оларды бірнеше тақырыпта топтастырып қарауға болады. Мәселен, Отбасы мен Отанның байланысын көрсететін мақал-мәтелдердің танымдық мәні терең, және оларды жан-жақты талдауға болады. Бұл топқа отбасылық тәрбие мен қоғамның дамуы арасындағы байланысты көрсететін мақалдар кіреді. «Отан отбасынан басталады», «Отбасының өнегесі – Отан өнегесі» мақалдары арқылы қазақ халқының дүниетанымында отбасы Отанның кіші моделі ретінде қарастырылады. Яғни, отбасыдағы тәрбие мен өнеге қо-

ғамның жалпы мәдениетіне, әлеуметтік тұрақтылығына ықпал етеді. Осы сынды мақалдардың негізгі идеясы – отбасыны нығайту арқылы ұлттық бірлікті қалыптастыру.

«Отбасы ала болса, Кереге басы сайын бәле бар», «Отбасынан бас кетсе, Қазаннан ас кетеді», «Үй ішінен жау шықса, Тұра қашып құтылмасың» деген тіркестер отбасындағы бірліктің қоғамның тұтастығы мен ішкі тұрақтылығына тікелей ықпал ететінін бейнелейді. Отбасында бірлік пен татулық болмаса, ұжымдық жүйе де бұзылады. Отбасындағы алауыздық бүкіл отбасы мүшелерінің өміріне кері әсерін тигізеді, ал бұл қоғамда да тұрақсыздық тудырады.

«Отбасының сәні – сыйластық, Достың сәні – қимастық», «Інісі бардың тынысы бар, Ағасы бардың жағасы бар» қатарларында өзара түсіністік пен сыйластықты қамтылады. Бұл мақалдар отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрметі мен жанашырлығын бейнелейді. Сыйластық – отбасы үшін ең үлкен құндылық. Бұл мақалдар өзара қолдау мен қамқорлықтың отбасыдағы рөлін анықтайды.

Қазақ мәдениетінде қыз баланың ата-анасына деген сезімі ерекше маңызды орын алған. Бұл мақалдар қыздың өз отбасына деген жақындық сезімін, сондай-ақ туыстық қарым-қатынастардағы ортақ міндеттерді көрсетеді. Біріс немесе қарым-қатынастың басталуы, оның жалғасуына негіз болатындығы да айтылады. Мәселен, «Төркін десе қыз төзбейді, Көкпек десе түйе төзбейді», «Іне өткен жерден жіп өтер» және т. б. Бұл мақал-мәтелдер отбасы, туыстық байланыстар және әлеуметтік қарым-қатынастарға қатысты әртүрлі қырларды бейнелейді. Олар қазақ халқының отбасылық құрылымының қоғамның негізі ретінде қабылданатынын, отбасыдағы тәрбие мен бірліктің әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей ықпал ететінін көрсетеді.

2-кесте – Мақал-мәтелдердегі туыстық қарым-қатынас құндылығы жайлы сауалнама нәтижесі

Мақал-мәтелдердегі туыстық қарым-қатынас туралы не ойлайсыз?	Мақалдар арқылы туыстық байланыстардың маңызы ерекше көрсетілген	Мақалдар арқылы үлкенді сыйлау және кішіге қамқорлық көрсету идеялары насихатталады	Қазақ мәдениетінде отбасы мен туыстық қарым-қатынастар шешуші рөл атқарады/ұлттық бірліктің негізі
	50%	34%	16%

Осы нәтижеге сүйенер болсақ, 50% респонденттер туыстық байланыстардың маңыздылығы ерекше екендігін, 34%-ы үлкенді сыйлау мен кішіге қамқорлық көрсету қажеттілігін көрсеткен. Сонда қазақ халқының отбасылық қарым-қатынастары мақал-мәтелдер арқылы көрініс тауып, туыстық байланыстарды нығайту, сыйластықты сақтау идеясы дәріптеледі.

Достық, бауырмашылдық тақырыптары да мақал-мәтелдерде ерекше мәнге ие, бүгін таңда қолданыстық маңызын жоғалтпаған. *«Жолдасы көптің – олжасы көп»*, *«Досыңды мақтағаның – өзіңді жақтағаның»*, *«Жолдасын тастаған жолда қалар»* мақалдарында достықтың халық танымындағы құндылығын дәріптейді. *«Дос – егіз, дұшпан – сегіз»*, *«Ағаш тамырымен, Адам досымен мықты»*, *«Дос тұтқанды қадірле»*, *«Өз басыңды дауға берсең де, Жолдасыңды жауға берме»* мақалдары залық танымында достықтың адам өміріндегі маңызды рөлін айқындайды. Достық тек әлеуметтік қарым-қатынас емес, ол адамның рухани тірегі, ішкі күші ретінде қарастырылады.

Мақалдарда достық қарым-қатынастардағы шынайылық пен материалдық пайда да көріне алады. Мәселен, *«Екі жақсы қосылса, Өлгенінше дос болады»*, *«Екі жаман қосылса, Өлгенінше қас болады»*, *«Пайданың зоры – дос үшін шеккен зиян»*, *«Біреу жаныңа жолдас, Біреу малыңа жолдас»*.

Сондай-ақ *«Жолдасты жол айырады»*, *«Қасың менен досыңды, Қас-қабағың танытар»*, *«Жаман дос жауыңмен бірге шабады»*, *«Жалған достан жау артық»* деген мақал-мәтелдер жиі қолданылады. Бұл мақалдар достық пен дұшпандықтың арасындағы шекараларды, олардың бір-бірінен айырмашылығын түсіндіреді. *«Жаман дос жауыңмен бірге шабады»* және *«Жалған достан жау артық»* деген мақалдар арқылы дос пен дұшпанның арасындағы шынайылық мәселесі көтеріледі. Жалған достық – адамға тек залал келтіретін қарым-қатынас түрі. Мұнда адал достықтың қадірі мен жалған достықтың

қауіптілігі арасындағы қарама-қайшылық көрсетіледі.

Қазақ танымындағы уақыттың өтуімен бірге өмірде үміттің жаңарып, болашаққа сенімнің артуы халықтық философияның маңызды элементі. *«Уақыт керуеніне бөгет жоқ»*, *«Уақыт – қадірін білгенге қазына, Білмегенге быламық»*, *«Уақыт тас екеш тасты да тоздырады»*, *«Мезгілі жетсе мұз да ерір»*, *«Өткен күн – ұшқан құс, Шақырсаң да келмейді»*, *«Таң атпайын десе де, Күн қоймайды»*, *«Айда аяқ, жылда жілік жоқ»*, *«Уақыт – көшкен керуен»*, *«Әр нәрсе уақытында қызықты»*, *«Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені»*, *«Батар күннің атар таңы бар»* тіркестері уақыттың қайтарымысыздығын, оның тұрақсыздығы мен өзгергіштігін және өмірдегі орнықтылығын бейнелейді. Қазақ халқы уақытты өмірдің ең маңызды категориясы ретінде қарастырған және әрбір өткен сәттің құнды екенін ерекше дәріптеген.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақ мақал-мәтелдеріндегі ұлттық танымның философиялық мәні қоғамның рухани, әлеуметтік және мәдени болмысына терең тамыр жайған. Мақал-мәтелдер арқылы қазақ халқының өмірлік құндылықтары, табиғатқа, еңбекке, достыққа, отбасыға деген көзқарасы анықталады. Уақыт пен өмір философиясы, әлеуметтік байланыстар және адамгершілік қағидалары мақал-мәтелдерде бейнеленіп, олардың халықтық дүниетаным мен ұлттық тәрбиедегі рөлі арта түседі. Бұл мақал-мәтелдер тек қана сөз өнерінің үлгілері емес, олар қоғамның рухани құндылықтарын сақтаушы, тәрбиелік құрал ретінде маңызды орын алады. Осылайша, қазақ халқының мақал-мәтелдері ұлттық сана-сезім мен философиялық көзқарастардың қалыптасуына ықпал етіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени мұра болып табылады.

Әдебиеттер

Сәрсенбаев Р. Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің лексика-стилистикалық ерекшеліктері: фил. ... ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1990. – 224 б.

Динаева Б.Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивті аспектісі. – Астана, Қазақ гуманитарлық-заң университеті, 2013. – 145 б.

- Бегалықызы Д. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық – прагматикалық аспектісі: фил. ... ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2002. – 118 б.
- Кенжемұратова С. Мақал-мәтелдердің синтаксисі: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Астана, 2002. – 28 б.
- Турабаева Г. Окказиональные преобразования пословиц и поговорок в казахском языке: дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1989. – 229 с.
- Қарсыбекова Ш.П. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері: дисс. ... фил. ғыл. канд. – Алматы, 2004. – 137 б.
- Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1961. – 777 б.
- Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. – Санкт-Петербург: Императорской Академия Наук, 1896. – 527 с.
- Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
- Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 160 б.
- Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 458 б.
- Biray N. Proverbs with «mind» as a common value of the Turkish world [Text] // Turk Kulturu ve Hacı Bektas Veli – Arastirma Dergisi. – 2017. – № 81. – P. 133–150. [Electronic resource] – URL: <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85017638163&partnerID=MN8TOARS> (Date of use: 12.02.2024)
- Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004. – 560 б.
- Ермеков Қ. Философия негіздері. Алматы: Ақыл кітабы, 2000. – 316 б.
- Артемьев А.И., Мырзалы С.Қ. Ғылым тарихы және философиясы: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2013. – 432 б.
- Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – 2001. – №4. – 39-43 б.
- Мырзалы С. Философия. – Алматы: Бастау, 2014. – 648 б.
- Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. – Алматы: Білім, 2004. – 536 б.

References

- Adambay, B. (1976). Xalyk danalygy [Folk wisdom]. Almaty. (in Kazakh)
- Amanzholov, S. (2004). Qazaq tili dialektologiyasy men tarihy'nyn maseleleri [Issues of Kazakh dialectology and history]. Almaty. (in Kazakh)
- Artemyev, A.I., Myrzaly, S.Q. (2013). Gylim tarixy jane filosofiyasy [History of science and philosophy]. Almaty. (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (2013). Alty tomdyk shygarmalar jynagy [Collected works in six volumes]. Almaty. (in Kazakh)
- Begalykyzy, D. (2002). Qazaq tilindegi maqaldar men matelderdi tanimdyq-pragmatikalыq aspektisi [Cognitive and pragmatic aspects of Kazakh proverbs and sayings]. Diss. ... kand. filol. nauk [Dissertation ... on philological sciences]. Almaty. (in Kazakh)
- Biray, N. (2017). Proverbs with “mind” as a common value of the Turkish world. [Electronic Resource]. – URL: <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85017638163&partnerID=MN8TOARS> (Date of use: 12.02.2024)
- Dinaeva, B.B. (2013). Qazaq maqal-matelderining pragma-kognitivti aspektisi [Pragma-cognitive aspect of Kazakh proverbs and sayings]. Astana. (in Kazakh)
- Ermekov, Q. (2000). Filosofiya negizderi [Foundations of philosophy]. Almaty. (in Kazakh)
- Gabdullin, M. (1974). Qazaq xalkynyng awyz adebieti [Oral literature of the Kazakh people]. Almaty. (in Kazakh)
- Kenzhemuratova, S. (2002). Maqal-matelderding sintaksisi [Syntax of proverbs and sayings]. Avtoref. diss. ... kand. filol. nauk [abstract dissertation ... on philological sciences]. Astana. (in Kazakh)
- Mankeeva, Zh.A. (2001). Qazaq tilin zertteuding kognitivtik negizderi [Cognitive foundations of Kazakh language research]. Tiltanym [Linguistics], Vol. 4, P. 39-43. (in Kazakh)
- Myrzaly, S. (2014). Filosofiya [Philosophy]. Almaty. (in Kazakh)
- Qaidar, A. (2004). Xalyk danalygy [Folk wisdom]. Almaty. (in Kazakh)
- Qarsybekova, S.P. (2004). Qazaq tilindegi maqaldar men matelderdi toptastyru'ding etnolingvistikalыq printsipteri [Ethnolinguistic principles of classifying Kazakh proverbs and sayings]. Diss. ... kand. filol. nauk [dissertation ... on philological sciences]. Almaty. (in Kazakh)
- Radlov, V.V. (1896). Obratzы narodnoy literatury severnykh tyurkskikh plemen [Samples of folk literature of the northern Turkic tribes]. Sankt-Peterburg. (in Russian)
- Sarsenbayev, R. (1990). Qazaq maqaldary men matelderining leksika-stilistikalyq erekshelikteri [Lexical and stylistic features of Kazakh proverbs and sayings]. Diss. ... kand. filol. nauk [dissertation ... on philological sciences]. Almaty. (in Kazakh)
- Turabaeva, G. (1989). Okkazonalnye preobrazovaniya poslovits i pogovorok v kazakhskom yazyke [Occasional transformations of proverbs and sayings in Kazakh]. Diss. ... kand. filol. nauk [dissertation ... on philological sciences]. Almaty. (in Russian)
- Walikhanov, Sh.Sh. (1961). Bes tomdyk shygarmalar jynagy [Collected works in five volumes]. Almaty. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Сулейманова Эльмира – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: elmirakaz99@mail.ru);

Рахметова Райгуль Садуакасовна – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: raigul.67@mail.ru).

Information about authors:

Suleymanova Elmira – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: elmirakaz99@mail.ru);

Rakhmetova Raigul Saduakasovna – Doctor of Pedagogy, associate professor of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: raigul.67@mail.ru).

Келіп түсті: 20 мамыр 2024 жыл.
Қабылданды: 11 желтоқсан 2024 жыл.